



АҚШ-ИРАН ҚАЙШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚЫТАЙҒА ЫҚТИМАЛ ӘСЕРЛЕРІ

Ұзақ жылдар бойы жалғасып келе жатқан, әсіресе, Дональд Трамп билікке келгеннен бастап қайта үдеген АҚШ пен Иран қайшылығы Вашингтонның соңғы санкцияларынан кейін жаңа бір күрделі кезеңге аяқ басты. Энергетикалық ресурстарға бай Иран өзінің ядролық энергияны дамыту бағдарламасының бейбіт мақсатта екенін алға тартса, ал АҚШ Иранның ядролық энергетикалық әлеуетінің ядролық қару жасауға дейін жетуінен қауіптенеді. Негізінде, Иранның 1950 жылдары бастаған ядролық бағдарламасына қолдау көрсеткен АҚШ 1979 жылы Ирандағы Ислам революциясынан кейін Иранмен арақатынасы бұзылып, 2000 жылдардан бері Иранды ядролық қару жасауға ниеттенді деп айыптап келеді. Дегенмен, Иранның ядролық энергияны дамытуға талпынысы Вашингтон мен Тегеран арасындағы шиеленістің негізі себебі деп қаралғанымен, бітпес қайшылықтың астарында Иранның да, АҚШ-тың да стратегиялық мүдделері жатқанын айтуға болады. Өйткені, Орталық Азия, Еуразия және Таяу Шығыс арасындағы маңызды геостратегиялық аймақта орналасқан Иранның экономикалық дамуы мен аймақтағы ықпалының артуы АҚШ пен Израильді және кейбір Шығанақ елдерін алаңдатуға. Бір тарапта Иран жаһандық энергия өндірісі мен энергия тасымалы тұрғысынан ерекше маңызға ие Парсы шығанағы мен Ормуз бұғазындағы географиялық орынын пайдаланып өзінің аймақтық ықпалын арттыруға күш салса, тағы бір тарапта АҚШ өз одақтастарымен бірге аймақты бақылауда ұстауға тырысады. Сонымен қатар, Еуропа одағы (ЕО), Ұлыбритания, Қытай және Ресей секілді әлемдік және аймақтық державалардың да араласуы аталмыш шиеленісті жаһандық деңгейге көтеруде.

Қатысты тараптардың 2015 жылдың шілдесінде АҚШ, ЕО, Германия, Қытай, Франция, Ұлыбритания, Иран және Ресейдің қатысуымен қол қойылған Біріккен кешенді іс-қимыл жоспарын (JCPOA) сақтауға тырысқанына қарамастан, Трамп әкімшілігі 2018 жылдың мамыр айында JCPOA келісімінен біржақты бас тартты. Сондай-ақ, 2018 жылдың тамызы мен қарашасында Иранға қарсы экономикалық санкцияларды енгізе бастаған Трамп әкімшілігі 2019 жылдың 2 мамырынан бастап Иранға салынған мұнай санкциясында сегіз елге берілген жеңілдіктерді алып тастады. Иранның мұнай экспортына толығымен тыйым салуды көздеген АҚШ-тың шешіміне Иран күшті қарсылық білдірді. Сөйтіп, 2019 жылы 8 мамырда Тегеран Вашингтон санкцияларына жауап ретінде өзінің ядролық келісім бойынша міндеттемелерін толығымен немесе ішінара тоқтататынын мәлімдеді. Сол күні Вашингтонның Иранның темір, болат, мыс және алюминий салаларына да санкция енгізуі оңсыз да шиеленіскен АҚШ-Иран қайшылығын тіпті де ушықтыра түсті.

Әсіресе, соңғы жылдары бірқатар жаһандық және аймақтық қақтығыстардың ошағына айналған Таяу Шығыста АҚШ-Иран қайшылығының қайтадан күшеюі геосаяси, геостратегиялық және геэкономикалық сипаттарымен бүкіл әлемге әсер етуі мүмкін. Себебі, АҚШ-тың Иранның мұнай эк-

спортына шектеу қоюы Иран экономикасын ғана емес, Иранмен тығыз сауда-экономикалық, әсіресе, энергетикалық ынтымақтастық орнатқан басқа елдерге де әсер ететін болады. Әлемдегі ең ірі мұнай қорлары бар елдердің бірі ретінде әлемнің үшінші ірі мұнай өндірушісі болып табылатын Иранның мұнай экспортына толықтай тыйым салынуы әлемдік энергетикалық нарықта айтарлықтай тапшылық тудырады. Осыған байланысты, АҚШ-Иран қайшылығының Иран мұнайының ең ірі тұтынушысы саналатын Қытайға көбірек әсерін тигізетінін айтуға болады.

Геосаяси және геостратегиялық тұрғыдан алып қарағанда, барған сайын шиеленісе түскен АҚШ-Иран қайшылығының Иран мен Қытай арасындағы саяси қарым-қатынастардың артуына әкелуі мүмкін екендігін болжауға болады. Осыған орай, ең алдымен, Қытай мен Иран арасындағы қарым-қатынастардың дамуына қысқаша шолу жасай кеткен жөн сияқты. 1971 жылы тамызда ресми дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан Қытай мен Иран қазірге дейін саяси, әскери, сауда-экономикалық және басқа да салаларда стратегиялық әріптестік деңгейінде екіжақты ынтымақтастықты дамытып келеді. Әсіресе, 2000 жылдардан кейін АҚШ-тың ядролық қару жасауға ниеттенді деп айыптауының жүйлеуімен қатар, 2001 жылғы Ауған соғысы, 2003 жылғы Ирак соғысы және 2010 жылы басталған Араб көктемі қозғалыстары Иранның АҚШ-қа қарсы саясат ұстануына және баламалы күш ретінде Қытаймен тығыз қарым-қатынаста болуына себеп болды деуге болады. Ал, экономикалық тұрғыдан күшеюмен қатар, аймақтық және жаһандық ықпалын ұлғайтуға талпынған Қытай да Таяу Шығыстағы маңызды бір мемлекет саналатын, энергетикаға бай Иранмен ынтымақтастықты арттыруға ниетті болды. Осыған орай, 2014 жылы мамырда Иран президенті Хассан Роуханидің Пекинге жасаған сапары мен 2016 жылы қаңтарда Қытай төрағасы Си Цзиньпиннің Тегеранға сапарынан кейін Қытай-Иран қарым-қатынасының жаңа белеске көтерілгенін атап өтуге болады. Ал, 2019 жылдың ақпанында Си Пекинге сапармен келген Иранның Мәжіліс төрағасы Али Ларижанимен кездескенде, жаһандық және аймақтық өзгерістерге қарамастан, Қытайдың Иранмен кешенді стратегиялық әріптестікті дамытуды жалғастыра беретінін мәлімдеген болатын. АҚШ-тың Иранға қарсы соңғы санкцияларына да алғашқылардың бірі болып Қытай қарсылық білдірді. Мысалы, 2019 жылы 23 сәуірде Қытай Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Гэн Шуанг Қытайдың Иранға қарсы біржақты санкцияларына мүлде қарсы екенін жариялады. 2019 жылы 7 мамырда Пекинде Иран Сыртқы істер министрі Жевад Зарифпен кездескен Қытай Сыртқы істер министрі Ван И да Қытайдың АҚШ-тың Иранға қарсы енгізген санкцияларына қарсы екенін және Иранның өз мүддесін қорғауына қолдау көрсететінін мәлімдеді.

Алайда, АҚШ-Иран қайшылығында Қытайдың Иранға қолдау көрсетуі Қытайға экономикалық жағынан тиімсіз. Себебі, АҚШ-тың санкциялары салдарынан Иран эконо-

микасының тұралау ықтималдығы Иранның ірі сауда әріптесі саналатын Қытайға да әсер ететін болады. JCPOA келісімінен кейін Иранға қарсы санкциялардың жойылуына қарамастан, мұнай экспортына тәуелді Иран экономикасының соңғы жылдардағы мұнайдың әлемдік бағасының күрт құлдырауы салдарынан нашарлауы Иран мен Қытай арасындағы сауда көлемінің төмендеуіне түрткі болған болатын. Мысалы, Қытай мен Иран арасында 2014 жылы 51,85 млрд. долларға жеткен екіжақты сауда көлемі 2015 жылы 33,842 млрд. доллар болып 34,7%-ға төмендесе, 2016 жылы 31,23 млрд. доллар болып 7,7%-ға азайған еді. Ал, 2017 жылы Қытай-Иран сауда көлемі 37,18 млрд. доллар болып 19%-ға артқанымен, 2018 жылы 35,13 млрд. доллар болып 5,4%-ға төмендеді. Қытай мен Иран арасындағы екіжақты сауданың басым бөлігі шикізаттан, әсіресе, мұнай өнімдерінен тұратындығын ескерсек, АҚШ-тың Иранға қарсы мұнай санкциялары Қытай-Иран саудасына тікелей әсер етуі мүмкін.

Иранның шикі мұнайының төрттен бір бөлігін импорттайтын Қытай тұрғысынан алып қарағанда, Иранның мұнай экспортына толықтай тыйым салынуы Қытайда айтарлықтай энергия тапшылығын тудыруы ықтимал. Қазіргі таңда Қытайдың жалпы мұнай импортының 7%-ын Иран қамтамасыз етеді. Қытай егерде АҚШ-тың Иранға қарсы санкцияларға қарамастан Иран мұнайын импорттауды жалғастыратын болса, Иранда сауда жүргізетін және ынтымақтастық жасайтын қытайлық компаниялар да АҚШ-тың санкцияларына ұшырауы мүмкін. Мысалы, 2018 жылы сәуірде АҚШ Иранға қарсы санкцияларға қарамастан Иранға экспорт жасаған Қытайдың ZTE телекоммуникациялық компаниясының АҚШ-тан қосалқы бөлшектер сатып алуына 7 жылға тыйым салған еді. Ал, 2019 жылы 15 мамырда Трамп әкімшілігі Қытайдың Huawei телекоммуникациялық компаниясына да қатаң санкция енгізді.

Қорытып келгенде, АҚШ-Иран қайшылығы Қытай-Иран қарым-қатынасына әрі саяси және сауда-экономикалық, әрі геосаяси тұрғыдан әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, АҚШ пен Қытай арасындағы сауда соғысы да өршіп тұрған кезеңде қайта туындаған АҚШ-Иран қайшылығы Қытай мен Иранды тіпті де жақындастыра түсетін бір фактор болып отыр. Соңғы жылдары геосаяси өзгерістерге байланысты Азия-Тынық мұхитта Қытай, Таяу Шығыста Иран және Еуразияда Ресей АҚШ-қа қарсы альянстың үштігін қалыптастырып келе жатқаны да байқалады. Бірақ та, Қытай Иранмен стратегиялық әріптестігін тереңдетуге күш салумен қатар, АҚШ-тың Иранға қарсы қатаң санкциялары астында Иранның мұнай импортын қалай жалғастыра алатыны да үлкен бір мәселе. Егер, алдағы уақытта Қытайдың Иранның мұнай импорты азаятын болса, бұл Қытай мен Иран үшін пайдасыз болмақ. АҚШ-Иран қайшылығының жалғасуы Қытай-Иран қарым-қатынасы үшін күрделі бір сынақ болса, ал Қытай-АҚШ қарым-қатынасы үшін саудаласу мәселесі болуы мүмкін.

Жазушы: Өмірбек Қанай,

Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан

Саясат, сыртқы қатынастар және қауіпсіздік

- Еуропа Одағы (ЕО) Украинадағы консультациялық миссиясының қызмет ету мерзімін 2021 жылдың 31 мамырына дейін созды және оның бюджетін 25%-ға ұлғайтып 54 миллион еуроға дейін шығарды. Бас кеңсесі Киевте және кеңсе бөлімшелері Львов, Харьков және Одессада орналасқан. Миссияның басты мақсаты - Украинаның азаматтық қауіпсіздік қызметтерін реформалауын қолдау болып табылады.
- ЕО Орталық Азиямен жаңартылған әріптестікке қатысты өзінің көзқарасын айқындап, аймақпен қарым-қатынасқа қатысты жаңа стратегия қабылдады. Болашақта ЕО-ның аймақтағы бес елмен қарым-қатынастары, осы елдердің ішкі және сыртқы қиындықтарын жеңуіне, олардың әлеуетін нығайтуына, экономикалық жаңғырды қолдауға және Орталық Азиядағы аймақтық ынтымақтастықты жебеуге бағытталады.
- Тәжікстан үкіметі БҰҰ, ЕО және Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымымен (ЕКЫҰ) бірлесіп Душанбеде «Терроризммен және заңсыз есірткі саудасы мен ұйымдасқан қылмыстың терроризмді қаржыландыруымен күресуде» халықаралық және аймақтық ынтымақтастық жөніндегі жоғары деңгейдегі конференция ұйымдастырды. Іс-шараның мақсаты - ынтымақтастықты нығайту, терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың тиімді тәжірибесін анықтау және ықтимал күрес шараларына сараптамалық талқылауды жеңілдету болды.
- 15 жыл бұрын құрылған «Орталық Азия-Жапония» диалогы бойынша Сыртқы істер министрлерінің жетінші отырысы Душанбеде өтті. Үш сессия барысында қатысушылар аймақтың транзиттік және көлік потенциалын тиімді пайдалануға ерекше назар аударып, аймақтық қауіпсіздік, сауда, көлік, инвестиция және туризм салаларында өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуды талқылады.
- Түрікменстанға жасаған сапары барысында Иран Сыртқы істер министрі Мохаммад Джавад Зариф Президент Гурбангулы Бердімұхаммедовпен кездесіп, халықаралық және аймақты маңызды оқиғалармен қатар, Каспий теңізіндегі ынтымақтастықты кеңейту жолдары талқыланды. Сонымен қатар, Зариф екі жақты саяси, сауда, көлік, энергетика және келендік байланыстар мен Ауғанстанға қатысты экономикалық көмек жобаларын талқылау үшін түрікмен ресми тұлғаларымен кездесті.
- Қауіпсіздік кеңесі хатшылары бастаған Қырғызстан мен Өзбекстан делегациялары Бішкекте екі жақты консультациялар өткізді. Екі елдің қауіпсіздік, қорғаныс және құқық қорғау органдарының өкілдері шекаралық мәселелерді, сондай-ақ, лаңкестік және экстремизммен күресудегі өзара іс-қимыл, төтенше жағдайдағы ынтымақтастық пен ветеринариялық және фитосанитарлық қауіпсіздікті нығайту шараларын талқылады.
- Ливанға жұмыс сапары аясында Қазақстан Қорғаныс министрі, генерал-майор Нұрлан Ермекбаев БҰҰ-ның Ливандағы уақытша күштеріндегі Үндістан батальонының құрамындағы қазақстандық бітімгершілік контингенті жауапты болған аймақта болды. Министрге әскери қызметшілердің бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты күнделікті қызметі туралы қысқаша ақпарат берілді.

Экономика, қаржы және энергия

- Қазақстанға жасаған сапары барысында Грузия премьер-министрі Мамука Бахтадзе, Қасым-Жомарт Тоқаев пен премьер-министр Аскар Маминмен кездесіп, сауда, экономика, инвестиция, туризм және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық перспективаларын талқылады. Тараптар Транскаспий халықаралық көлік дәлізінің бір бөлігі ретінде Ақтау және Қурық порттарды қамтыған транзиттік және көліктік коммуникацияларды жақсарту мүмкіндіктерін қарастырды.
- Нұр-Сұлтанда «Ынталандырушы өсу: адамдар, қалалар, экономикалар» тақырыбында ХІІ Астана экономикалық форумы өтті. Еуразияның жыл сайынғы маңызы іскерлік оқиғаларын қамтыған, 30 елдің 710 журналисті мен шетелдік және жергілікті БАҚ өкілдері үлкен қызығушылық танытқан форумға 74 елден саясаткерлер, сарапшылар, бизнесмендер мен ғалымдарды қамтыған 5,492 делегат қатысты.
- Астана экономикалық форумы барысында Түрік Кеңесінің мүше елдері, Түрік іскерлік кеңесінің орын алмастыратын Түрік елдерінің ортақ сауда-өнеркәсіп палатасының бірлескен келісіміне қол қойды. Түрік тілдес елдер арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі ілгерілетуге бағытталап жаңадан құрылған палатаның хатшылығы Түркияда орналасатын болады.
- Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД) үкіметаралық үйлестіру кеңесінің тұқым шаруашылығы бойынша отырысы Ашхабадта ұйымдастырылды. Екі күндік іс-шара барысында тараптар іріктеу, тұқым шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, жүзім шаруашылығы және бау-бақша шаруашылығы саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың кең ауқымын талқылады. ТМД өкілдері Түрікменстанның ауылшаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне және арнайы халықаралық ғылыми конференцияға қатысты.
- Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиязев, ықтимал мұнай-газ жобаларын талқылау үшін ХХІІІ Халықаралық «Өзбекстан-2019» мұнай-газ көрмесіне қатысу үшін Ташкентке келген ресейлік «Лукойл» мұнай компаниясының басшысы Вагит Алекперовты қабылдады. Қазірдің өзінде Өзбекстанда «Лукойл» компаниясының инвестициялары 7,5 миллиард доллардан асады және бірлескен жобалар «Қандым» табиғи газ өңдеу кешені мен Хаузақ, Шади және Оңтүстік-Батыс Гисар учаскелерін дамытуды қамтиды.
- Өзбекстан теміржолдары Қазақстанның Ақтау портынан Өзбекстанға Ақтау-Ташкент бағытында 20 фут контейнерді тасымалдайтын 10 вагон мен бірінші транзит жүктерін жөнелтті. Бұл Өзбекстан, Қазақстан, Қытай, Иран және Түрікменстанның теміржол құрылымдары арасындағы Транс-Каспий Халықаралық көлік дәлізі бойынша жүк тасымалындағы табысты ынтымақтастықтың нәтижесі болып табылады.
- Қырғызстан, қосалқы салық салуды жою және салықтан жалтаруға жол бермеу үшін Түрікменстанмен үкіметаралық келісімге қол қойды. 2018 жылдың тамыз айында Ашхабадта қол қойылған құжат бір мемлекеттің азаматын басқа бір қол қойған мемлекетке қосалқы салықтан қорғайды және екі мемлекеттің құзыретті органдары арасында ақпарат алмасу арқылы салықтың теріс пайдаланылуына жол бермейді.

Қоғам және мәдениет

- Халықаралық Түрік академиясы Парижде «Ұлы дала: мәдени мұра және оның әлемдік тарихтағы рөлі» атты халықаралық форум ұйымдастырды. Әлем бойынша 70-ке жуық көрнекті түркітанушылар мен ЮНЕСКО өкілдері Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласымен қатар, Түрік өркениеті мен осы өркениеттің әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы тарихи мәселелерді талқылады.
- Ашхабадтағы «ТМД-ның ортақ гуманитарлық саласы: мәдениет, ғылым және білім алаңындағы сұхбат» тақырыбында ХІІІ ТМД Шығармашылық және ғылыми интеллектуалдық форумы ұйымдастырылды. Форумға ТМД елдерінен 200-ден астам делегат білім беру, жастар саясаты және мәдениетаралық диалогта ынтымақтастықтың инновациялық формаларын талқылады.
- Қазақ ұлттық географиялық қауымы Назарбаев университетінің ғалымдармен бірге Арал теңізіне ғылыми және білім беру экспедициясын бастады. 4,000 шақырымдық 2019 Арал экспедициясында Арал теңізінің кейбір аудандарындағы гидрологиялық су ортасы зерттеліп, Арал өңірінің туристік маршрут картасы жасалады, сондай-ақ, бірегей фото және бейне материалдар жиналады.
- Сингапурдың KinderWorld International Group компаниясы ХІІ Астана экономикалық форумы аясында ұйымдастырылған Жаһандық инвестициялар жөніндегі үшінші қазақстандық дөңгелек үстелге қатысты. Іс-шара барысында қол қойылған жол картасына сәйкес, Сингапур компаниясы Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларындағы оқу орындарымен қатар, әлемдік деңгейдегі мектептер мен колледждер желісін құратын болады.
- ЮСАИД (USAID) Өзбекстандағы қоғамдық білім беру саласында реформаларды қолдау үшін 19,5 млн. доллар көлемінде грант бөлетін болады. Қор мектептерді басқаруды қаржыландыру, мұғалімдерді оқыту және оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу тәсілдерін өзгерту үшін қолданылады. Сонымен қатар, бұл жоба қазіргі ақпараттық технологияларды оқыту үдерісіндегі интеграцияны жеңілдетіп, мектептерде ашықтық пен есеп берушілікті арттырады.
- Орталық Азиядағы азаматтық авиацияны дамытуға байланысты мәселелер бойынша алғашқы дөңгелек үстел Душанбеде өтті. Аймақтық әуекомпаниялардың басшылары аймақтағы әуе қатынасын ұлғайтуда туындаған кедергілерді қарастырып, Орталық Азия елдері арасында осы саладағы тығыз ынтымақтастықты дамыту жолдарына баса назар аударды.
- Еуропалық қайта құру және даму банкінің (ЕКДБ) 28-ші жыл сайынғы кездесуі мен бизнес-форумы аясында Сараевода өткен салтанатты рәсімде Түрікменстандағы «Сәтті уақыт» компаниясы экологиялық тұрақтылыққа қосқан үлесі үшін Банк тарапынан марапатталды. Компания топырақ пайдаланбай-ақ барынша аз сумен бірге қызанақ өсіруді қамтамасыз ететін тиімділігі жоғары технологиямен гидропоникалық жылыжайды өндіріске қосқан болатын.